

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Театрдаға бір күн

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.04.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/118758/>

Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар және жасөспірімдер театрымен бірлесе отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Сәуір айы «Театр айы» болып жарияланады! Осы келісімге сәйкес біз сәуір айының он бесінші жұлдызында қазақтың «менмін» деген жазушысы- Әзілхан Нұршайықовтың әйгілі романы «Махаббат, қызық мол жылдардың» спектакліне бардық. Маған ерекше әсер қалдырған бұл қойылым келген әрбір көрерменнің ерекше махаббатына ие болды.

Қойылым оқиғасы майданнан аман оралған ардагер жазушының бейбіт өмірдегі тыныс-тіршілігінен бастау алады. Бас кейіпкер Ербол образы арқылы қазақ жауынгерлерінің ерлігі мен шынайы махаббат сезімі баяндалады. Жас солдаттың Алматы қаласындағы Қазақ университетіне түсіп, 33-ші аудиторияға кіргеннен бастап, өмірі бақыт пен өкінішке, қуаныш пен мұңға толы болды. Аудиторияға кіргеннен бастап бір топ қыздардың арасына тап болуы, қыздарды ғажап гүл әлеміне теңеуі — оның қыз балаға деген сыйластығын көрсетеді. Сол айдай сұлу қыздардың ішінде Ерболдың махаббатына айналған Меңтайдың болуы, оның қылығы, оның әдемілігі, мінезі көрерменнің ыстық ықыласына ие болды. Ортадан сәл ғана төмендеу бойы бар, самай тұсы

шираты-а бұйраланып тұратын қою қара шашын

ұзын қос бұрым етіп өріп, оны ақ мандайынан жоғары-

лата басына бірнеше рет орап, екі ұшын тас қылып

төбесіне түйіп тастаған, ақ беті таза қолмен аршыған

жұмыртқадай кіршіксіз, жасы он сегізге келген

талдырмаш қыздардың бейнесі әсем етіп бейнеленеді. Ербол мен Меңтай екеуінің бір-біріне құштарлығы, іштей жақсы көріп тұрып, айта алмауы, Ерболды «аға» деп атауы Меңтайдың тәрбиелілігі мен ақылдылығынан көрініс берді.

Көріністегі көрерменге әсер етіп, жағымсыз образда бейнеленген образ-Тұмажан бейнесі Тұмажан Ошақбаев — жағымсыз кейіпкер, тек өзін ойлайтын, өтірік сөйлейтін, арсыз жан, Меңтайдың ағасының майдандасы және Меңтайды алдап өзіне атастырып қояды. Қыз баласының тағдырының қиыншылығы, қыз баласының өмірі қойылым барысында өте ауыр бейнеленеді. Махаббаттың өрті күшті болғанымен, ғашықтардың ойынан бір-біріне

деген сезімдері өшпей, қаншама қиыншылық болсада екеуі отау құрады. Бір өкініштісі, Ербол мен Меңтай, Төлеген мен Жібек, Еңлік пен Кебек, Қозы мен Баян, Қалқаман мен Мамыр, Ахмет мен Жамал секілді өмірлерінің соңына дейін бірге бола алмады. Ербол Меңтайды шын сүйді, дегенмен махаббат ажалды жеңуге қауқарсыз. Ол өз сүйгенін, жаңа туған сәбиімен бірге жер қойнауына тапсырды. Шығарманың осы тұсында көзіме еріксіз жас келген еді.

Осы қойылымның барысында :

Құдай-ау, қайда сол жылдар,

Махаббат қызық мол жылдар?

Ақырын-ақырын шегініп,

Алыстап кетті-ау құрғырлар,-деген Абай атамиздың өлең жолдары еріксіз еске түседі.

Біз барған бұл шығармадан біраз ой түйдік, алар ақпаратымыз көп болды. Ойнаған актерлер мен актрисалардың рөлі керемет болды, сондықтан сізге айтар ұсынысым бар :

Рухани кенелгіңіз келсе, көрермен, театрға келіңіз!

Орындаған: Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 1 курс студенті-Сұлтанова Ақнұр

Қабылдаған: Қазақстан тарихы кафедрасының доценті-Джолдыбаева У. М

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.